



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

1998 жылғы АСЕ/ПГС
қабылданғаннан кейінгі ағылшын
азаматтық процестік заңнамасының
дамуы. Джексон реформалары



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: 1998 жылғы АСЕ/ПГС қабылданғаннан кейінгі ағылшын азаматтық процестік заңнамасының дамуы. Джексон реформалары

1. 1998 ж. АСЕ-нің қабылдануына байланысты өзгерістер мен пайда болған кейбір мәселелер.
2. 1998 жылы АСЕ қабылданғаннан кейінгі ағылшын азаматтық процестік заңнамасының даму үрдістері.
3. Джексон реформалары.

1. 1998 Ж. АСЕ-НІҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ПАЙДА БОЛҒАН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Н. Эндрюстің айтуынша, 1998 ж. АСЕ меноларға байланысты соңғы нормативтік актілер азаматтық процеске 12 өзгеріс енгізді. Үш өзгеріс іс жүзінде Вульф процестік реформаларының алдында болған.

Вульф процестік реформаларының алдында болған өзгерістер

1. 1990 ж. Соттар мен заң қызметтері туралы заң – бюджетті үнемдеу мүдделерінде шартты сыйақылар жүйесін енгізу, соған сәйкес адвокаттарға іс жүргізгені үшін төленетін қаламақылар істің нәтижесіне байланысты болады («табыс қаламақысы» деп аталады). 1990 ж. заң заңгерлерге сот дауының қатысушыларымен «шартты сыйақы туралы келісім» жасасуға құқық берді, ол:

- 1995 ж.-дан бастап денсаулыққа зиян келтіруге байланысты іс қарауға;
- 1998 ж.-дан бастап азаматтық істердің көпшілігіне қолданылады;

2. 1998 ж. Адам құқықтары туралы заң – Англия құқығына БК үшін 2000 ж. 2 қазанда күшіне енген адам құқықтарын қорғау туралы еуропалық конвенция нормаларын енгізу.

3. Бірқатар құқықтық нормалардың өзгеруі және судьялар бастамасы - «Істерді басқаруға» арналған пропорционалдыққа (және, сәйкесінше, жалпы үнемділікке) және жылдамдыққа) басты назар аударатын отырып, судьялардың сотқа дейінгі іс қарауға, істі дайындауға белсенді қатысуы үшін құқықтық база құру.

Мазмұнына өзгерістер енгізілген қағидаттар, құндылықтар мен мақсаттар (Н. Эндрюс бойынша)

- Пропорционалдық. «Пропорционалдық» ұғымы процесс деңгейлеріне (ұсақ талап-арыздарға, жеделдетілген іс қараумен қалыпты іс қарауға) және судьяның өзінің істі басқару бойынша кең ауқымды өкілеттіктерін жүзеге асыруына қатысты да атап көрсетіледі (АСЕ 1-бөлімі – «Негіз қалаушы мақсат» («The Overriding Objective»)).
- процестік теңдік (1998 ж. АСЕ I бөлімі осы қағидатты қамтамасыз ету талабын атап көрсетеді).
- судьяның іс қозғалысына белсенді қатысуы.
- іс талқылаудың оңайлатылған рәсімдерін жетілдіру есебінен сот төрелігіне жедел қол жеткізу. Оңайлатылған рәсім АСЕ-нің 24-Бөліміне «табысқа жетудің нақты мүмкіндіктері» өлшем шартын (критерийін) енгізу есебінен ынталандырылады.
- керексіз құжат алмасуды қысқарту.
- шығыстарды бөлу туралы бұйрықтарды тәртіптік мақсаттарда жиірек пайдалану.
- апелляцияларды шектеу.
- шығыстарды бөлу механизмі арқылы (тараптарды бітімгершілік келісімдер туралы ақылға қонымды ұсыныстар қабылдауға қозғау үшін) бітімгершілік келісімдер жасасуға ынталандыру.
- соттардың дауларды соттан тыс тәртіппен, әсіресе, медиация тәртібімен шешуге ынталандыру.

Соттың іс қозғалысына белсенді қатысуы қағидаты

1. Тараптарды бақылау қағидаты мазмұнына өзгерістер енгізді.
 2. Судьялардың орташа күрделі және аса күрделі істер қозғалысына сотқа дейінгі сатыда белсенді қатысуы қағидаты АСЕ / ПГС нормаларына негізделген.
 3. Судьялар іс талқылауды орынды мерзімдерде жүзеге асыруға тиіс.
- Бұл орайда қаралуға жататын мәселелер мен олардың салыстырмалы маңыздылығының мәселелері анықталуы тиіс.

Керексіз құжат алмасуды қысқарту қағидаты

Дәлелдемелер беру қатыстық өлшем шартына бағындырылуы үшін «стандарттық ашу» ұғымы енгізілді.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: 1998 жылғы АСЕ/ПГС қабылданғаннан кейінгі ағылшын азаматтық процестік заңнамасының дамуы. Джексон реформалары

«Стандарттық ашу» мынадай құжаттарды қамтиды:

- тараптардың талаптарына негіз болатын;
- осы тараптың/оппоненттің ұстанымына кері әсер ететін;
- оппоненттің ұстанымын қолдайтын құжаттар.

Шығыстарды бөлу туралы бұйрықтарды тәртіптік мақсаттарда жиірек пайдалану қағидаты

1. Шығыстарды бөлу туралы мәселені шешу кезінде соттың кеңірек қарауы (құқығы) есебінен процестік тәртіпті нығайту.
2. Соттар жеңген тараптың маңызы жоқ сұрақтар қойғандығын ескере алады және осылайша сот белгілеген шығыстарды түзете алады.

Апелляциялық соттың Азаматтық алқасының Төрағасы Лорд Вульфтің «AEI Rediffusion Music Ltd v Phonographic Performance Ltd» (1999 ж) ісіндегі «жеңімпаз барлығын алады» тәсілдемесі туралы сөздері:

1) «Шығыстарды істің нәтижесіне байланысты бөлу» қағидатын аса қатаң қолдану — тараптарды іс талқылауға байланысты шығыстарын ұлғайтуға ынталандырады».

2) «Егер жеңген жағдайда сізге барлық шығыстарды өтейтін болса, сіз соған ғана ұмтылып, барлығын тас-талқан қыласыз».

Апелляцияларды шектеу қағидаты

1. Сот шешімінің ақырғы сипаты апелляциялық апелляция беруге рұқсат алуы талабымен толықтырылады.
2. Іс жүзінде барлық апелляциялар үшін, апелляция 1-ші сатыдағы сотқа уақытылы (әдетте, 14 күн ішінде, айта кететін жайт –бұл мерзім тараптардың келісімі бойынша ұзартыла алмайды) талап-арыз берген жағдайда ғана соттың рұқсаты қажет.
3. 1-ші сатыдағы сот апелляция беруге рұқсат етуден бас тартса, апелляциялық апелляциялық сотқа жаңа өтініш тапсыра алады.

Соттардың дауларды соттан тыс тәртіппен, әсіресе, медиация тәртібімен шешуге ынталандыру қағидаты

1. Соттардың шығындарды бөлу туралы бұйрықтар қабылдау және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату жолымен дауларды баламалы, медиация тәртібі мен шешуге ықпал ету міндеті енгізілді.
2. 1998 ж. АСЕ қабылданған мезеттен бастап Англияда сот талқылауларының саны азайды, себебі тараптар сотқа сирегірек жүгіне бастады: азаматтар, компаниялар мен мемлекеттік органдар соттарға үлкен сомалар жұмсағысы келмейді.

2. 1998 ЖЫЛҒЫ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ ЕРЕЖЕЛЕРІ ҚАБЫЛДАНҒАННАН КЕЙІН АҒЫЛШЫН АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

1998 ж. ағылшын азаматтық процестік құқық реформалары нәтижесінде АСЕ қабылданып, 1999 ж. 26 сәуірден бастап қолданыла бастады.

1998 ж.-дан кейінгі Англияның процестік құқығының 3 үлкен реформасы туралы көзқарас

1. 1998 ж. – 1-ші реформа («Вульф реформасы»): бүкіл процестік құқықты жаһандық қайта қарау және АСЕ-ні қабылдау.
2. 2005 ж. –БК Жоғарғы соты Лордтар палатасының Апелляциялық комитетін алмастырған Конституциялық реформа туралы заңды қабылдау.
3. 2009-2013 жж. –лорд-судья Джексонның басшылығымен сот шығыстары жүйесін реформалау.



Бірнеше кезеңнен тұратын бірыңғай процесс ретінде ағылшын процестік құқығының реформасы туралы (екінші) көзқарас

1. 1998 ж. АСЕ-ні қабылдау – бірыңғай реформаның бірінші кезеңі.
2. Реформалау АСЕ мен басқа актілерге көптеген түзетулер енгізу жолымен жалғасуда.
3. Дәлелдеме: АСЕ-нің 1-бабында анықталған басты мақсат өзгермейді және барлық қабылданатын түзетулер тек оны іске асыру үшін азаматтық дауларды қарау және шешу рәсімін жетілдіреді.

Сот істі әділ қарауға ұмтылуға тиіс, ол төмендегідей (АСЕ-нің 1.1(1) бабы) бірқатар қағидаттарды қамтамасыз ету кезінде мүмкін болады:

- тараптардың іске тең негізде қатысуы;
- шығыстарды үнемдеу;
- талаптың барынша сәйкес бағасы, істің күрделілігі мен маңыздылығы бойынша істі қарау;
- істі және басқа да құрамдас бөліктерді жедел және адал шешуді қамтамасыз ету.

3. ДЖЕКСОН РЕФОРМАЛАРЫ

Сот шығыстары туралы мәселе көптеген жылдар бойы өткір мәселелер қатарында тұрды, тараптардың шығыстарын азайтудың түрлі нұсқалары талқыланды.

Іс жүргізу құқығын реформалау және 1998 ж. АСЕ (ПГС) қабылдау себептерінің бірі - процеске қатысушылардың шамадан тыс сот шығыстары.

Азаматтық процестегі шамадан тыс шығыстар - нақты істе тараптардың да, бүкіл сот төрелігі жүйесінің де проблемасы.

Сот шығыстарының көп болу себептерінің бірі-процесті жүргізетін сот мамандарының жыл сайынғы табысын қолға түсіру бойынша қаржылық күтілімдері.

Қолданыстағы шығыстар жүйесінің әлсіздігінің себебі – жұмыстың объективті құнын белгілеу бойынша мақсаттың болмауы жағдайында жұмыс үшін тиесілі сыйақыны мамандар алатын нарықтық ставкалардың негізінде бағалау.

Маңыздысы: Джексон реформасына дейін де 1998 ж. АСЕ-не (ПГС) сот шығыстарының ставкаларын өзгерту туралы көптеген түзетулер енгізіліп келді.

Мысалы, АСЕ (ПГС) 46-бөліміне түзету



Н.Эндрюстің айтуынша, өкінішке орай, АСЕ-ге сот шығыстарын реттеуге енгізілген өзгерістер жағдайды жақсартпады (Джексон реформаларын қабылдағанға дейінгі жағдай туралы әңгіме болып отыр).

Н.Эндрюс атап өткендей, сэр Руперт Джексонның шығыстар режимі туралы баяндамасынан (2010 ж), үкімет консультацияларынан (2010 ж) және ақырғы мәлімдемеден (2011 ж) кейін 2013 жылғы 1 сәуірде заңнамаға шығыстарға байланысты 65 түрлі рәсімдік өзгерістер енгізілді.

Н. Эндрюс Р. Джексон баяндамасының негізінде заңнамаға енгізілген өзгерістерді атап өте отырып, оларды жойқын процестік дауылмен салыстырады. Оның айтуынша, 2013 жылғы сәуір айындағы дауыл өзінің қарқындылығы бойынша 1999 жылғы 26 сәуірде АСЕ күшіне енген кезде, Англияға соғылған



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: 1998 жылғы АСЕ/ПГС қабылданғаннан кейінгі ағылшын азаматтық процестік заңнамасының дамуы. Джексон реформалары

«Вульф құйынына» ғана жол береді.

2013 жылдың сәуір айындағы сэр Руперт Джексонның сот шығыстарының режимі туралы реформалар, көптеген процедуралық мәселелерге елеулі өзгерістер енгізді.

Руперт Джексонның өзі атап өткендей, «шығындар» мен қаржыландыру басты мәселе болғанымен, жұмысы «Вульф II»-ге айналды (дереккөз: Н.Эндрюс).

Джексонның есебі (2009–2010 жж.)

Сэр Руперт Джексонның «Азаматтық сот өндірісіндегі шығыстарға шолу: қорытынды есебі» 2009-2010 жж. жарық көрді.

Джексонның негізгі ұсыныстары

- жеке тұлғаға зиян келтіру туралы істерде шығындарды бір жақты бөлуді енгізу керек, яғни істі жеңген жағдайда талапкер ғана алушы бола алады.

Алайда, талапкер жосықсыз әрекет еткен немесе материалдық жағынан жақсы қамтамасыз етілген жағдайда істі жеңіп шыққан жауапкердің пайдасына шешім қабылдаудың мүмкінсіздігі туралы жалпы ережеден ерекшелік жасалуы тиіс;

- шартты сыйақы туралы келісім жасалатын істерде, істе жеңгені үшін сыйақы мен заң қызметтеріне арналған шығыстарды сақтандыру сыйлық ақысы өтелмеуге тиіс. Алайда, талапкерлер үшін шығыстардың жалпы сот алып берген сомасы 10%-ға ұлғайтылуы тиіс;

- іс бойынша жеңген заңгерлер ұтыстың үлесін алатын (сот алып берген шығыстар сомасының 25% шегінде) сот алып берген сомаға қарай сыйақы төлеу туралы американдық келісімдерге рұқсат берілуге тиіс. Алайда, сыйақы мөлшерлемелері реттелуге тиіс. Істі жеңілген жауапкер жеңген тарапқа әдеттегі шығыстарды (істе жеңгені үшін сыйақы сомасын емес) өтеуге тиіс;

- оңайлатылған сот талқылауы үшін жоғарырақ белгіленген сыйақы белгілеу керек.

Джексон реформасының нәтижелері

Заңгерлерге шартты сыйақы беру жүйесін елеулі қайта өңдеу (іс нәтижесіне байланысты сыйақы, яғни «табыс қаламақысы»). Джексон реформасына дейін Англияның заңгерлері (американдық әріптестерінен айырмашылығы) ұтып алған соманың үлкен пайызын ала алмады, бірақ жалпы ереже бойынша көрсетілген заң қызметтерінің нақты құнына 100% үстеме ақы сомасынан аспайтын сыйақы белгілей алатын болған. Мұндай үстемеақы жеңілген тараптан өндіріліп алынуы мүмкін еді. Джексон реформасының нәтижесінде жеңген тарап жеңілген тараптан ешқандай «табыс қаламақысын» немесе үстемелі өндіріп ала алмайды, бірақ бұрынғыша іс жүзінде жұмсалған сот шығыстарын өндіріп ала алады.

Енді тарап талапкердің өкілдері ұтып алынған соманың %-ын ала алатын, сот алып берген шығындарды бөлу туралы келісім («damage based agreement») жасаса алады. 2013 ж. 1 сәуірге дейін мұндай келісім еңбек істерін қоспағанда жарамсыз болып саналған. Енді жалпы ереже бойынша барлық шығыстар мен барлық қаламақылар (солиситорлардың да, барристерлердің де қаламақыларын қоса алғанда) сот алып берген соманың 50%-нан аспайтын «табыс қаламақылары» ғана рұқсат етіледі. «Табыс қаламақысы» шығын сомасының үстінен емес, соның ішінен алынатын болғандықтан, ол жеңілген тараптан өндірілмейді.

Жеңген тарап «оқиғадан кейін сақтандыру» («after the event insurance») деп аталатын сақтандыру сыйлық ақысын өндіріп ала алмайды. Бұл сақтандыру тарапқа сот шығыстарын өндіріп алу тәуекелін сақтандыруға мүмкіндік береді және 2013 жылдың 1 сәуіріне дейін сақтандыру сыйлық ақысының сомасы да жеңілген тараптан өндіріле алатын болған. Соңғы реформалар нәтижесінде сақтандыру сыйлық-ақысының ондай сомасы сот оның өндіріліп алынуын ақылға қонымды деп есептейтін жағдайда ғана алынуы мүмкін.

Осылайша, Джексон реформасының қорытындысы бойынша сотта жеңілген тараптан қалай, қандай сомада және қандай шарттарда өндіріп алуға болатынын көздейтін қағидаттар қайта қаралды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кудрявцева Е.В. «Гражданское судопроизводство Англии». - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбира-тельство, медиация и



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: 1998 жылғы АСЕ/ПГС қабылданғаннан кейінгі ағылшын азаматтық процестік заңнамасының дамуы. Джексон реформалары

- арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходькина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Кудрявцева Е.В. «Тенденции развития английского гражданского процессуального права после принятия Правил гражданского судопроизводства» // Вестник гражданского процесса. – 2012. - №2. – С.173-185.
 4. Ходькин Р.М. Рецензия на книгу «AndrewsonCivilProcesses» // Вестник гражданского процесса. - 2014. - №4. – С.232-239.